

характер и редко подлежат обсуждению в Комитете Министров вследствие того, что государства, как правило, исправно платят определенные Судом суммы. Трудности, иногда возникающие в вопросах выплаты, носят в основном технический или административный характер (невозможность установления контакта с заявителем, отсутствие банковских координат и т.п.). Подобные трудности решаются в рабочем порядке между компетентными государственными органами и представителями заявителя, в случае необходимости с помощью Секретариата Совета Европы. В случае возникновения спорной ситуации по вопросу выплаты, заявитель может, тем не менее, представить Комитету свои письменные замечания. В этом случае государство будет призвано дать соответствующие объяснения и, в случае обоснованности претензий, разрешить проблему.

1. Туманов В.А. Европейский Суд по правам человека: Избранные решения. Т.1 и Т.2. М., 2000., 841с. и 802с.

2. Предварительная Резолюция ДН (2000)105 от 24 июля 2000 г. по делу Loizidou v. Turkey // Controle de l'execution des arrets et decisions en vertu la Convention europeenne des Droits de l'Homme. Strasbourg, 2000, P. 149.

3. Предварительная Резолюция ДН (96)251 от 15 мая 1996 г. по делу Stran Greek Refineries and Stratis Andreadis v. Greece // Controle de l'execution des arrets et decisions en vertu la Convention europeenne des Droits de l'Homme. Strasbourg, 2000. P. 134.

* * *

Автор мақаласында адам құқықтары жөніндегі Еуропа соты шешімдерінің имплементация және инкорпорация жолымен ұлттық құқықтық жүйеде орындалуы туралы тоқталады.

* * *

The execution of the European Court of Human Rights decisions is a relevant issue for the legislative system of Republic of Azerbaijan. Various countries serve as an example for this subject matter, and the issue is investigated based on decisions made by European Court of Human Rights in regards to these countries.

А. Кожасева

ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰҚЫҚТАР ТУРАЛЫ ХАРТИЯСЫНЫҢ ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ ЗАҢИ КЕҢІСТІГІНДЕГІ САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ МАҢЫЗЫ

Еуропалық Одақтың заңи кеңістігі Еуропалық Одақ құқығы нормаларының таралу шегін білдіреді. Еуропалық Одақтың негізгі құқықтар туралы Хартиясының Еуропалық Одақтың заңи кеңістігіндегі саяси-құқықтық маңызын аталған Хартия ережелерінің таралу шегіндегі заңи күші мен жүзеге асырылу жағдайын анықтайды.

Еуропалық Одақ құқығы өз алдына жеке-дара құқық жүйесі болып табылады. Еуропалық Одақ құқығы – Еуропалық Одақ ұйымының норма шығармашылық қызметінің нәтижесі [1, 16].

Еуропалық Одақ құқығының нормалары Еуропалық Одақ құқығының қайнар көздерінде көрініс табады. Еуропалық Одақ құқығының қайнар көздері негізгі және туынды құқық қайнар көздеріне бөлінеді. Негізгі құқық қайнар көздеріне Одақтың құрылтай құжаттары (1957 жылғы Еуропалық қоғамдастық құрушы Шарт [2], Атом энергиясы бойынша Еуропалық Қоғамдастық құру туралы Шарт [3], 1992 жылғы 7 ақпанда қабылданған Еуропалық Одақ туралы шарт, 1997 жылы 2 қазанда қабылдан-

ған Амстердам шартымен және 2001 жылы 26 ақпанда қабылданған Ницца шартымен енгізілген өзгертулерімен қоса [4]. 2007 жылғы Еуропалық Одақ туралы Шарт пен Еуропалық Қоғамдастықты құру туралы Шартқа өзгертулер енгізу туралы Лиссабон Шарты [5]) Еуропалық Одақтың үшінші елдермен келісімі, институтаралық келісімдер және мүше-мемлекеттер арасында жасалатын қосымша конвенциялар жатады. Қосымша қайнар көзіне регламент, директива, шешім, ұсыныс және қорытынды нысанда жасалатын заңға тәуелді емес актілерден тұрады.

Еуропалық Одақтың негізгі құқықтар туралы Хартиясы Еуропалық Одақ Кеңесі, Еуропалық Комиссия және Еуропалық Парламент атынан жарияланғандықтан институтаралық келісім болып табылады.

Еуропалық Одақтың нормативтік актілері Еуропалық Одақтың ресми журналында жарық көреді. Олар екі бөлім бойынша орналастырылады. «L» сериясында – қазақша «Заңнама», ағылшынша «Legislation» регламент, директива,

үлгілік шешімдер мен басқа да заңи міндетті актілер басылып шығарылады. Ал «С» сериясында – қазақша «Хабарлама», ағылшынша «Communications» заң жобасы, сот шешімінің ұсыныстық сипаты бар бөліктері және барлық басқа да ресми сипаттағы құжаттар басылып шығарылады. Еуропалық Одақтың негізгі құқықтар туралы Хартиясы жоғарыда атап өткендей, институтаралық келісім болғандықтан, ол «L» сериясында жарық көру керек болғанымен, ол «С» сериясында басылып шықты. Осы және өзге де себептер бойынша құқықтанушылар арасында Хартияның заңи күшіне байланысты даулар туындай бастады. Осыған байланысты Хартияны саяси құжат ретінде ғана танығандар да болды.

С.Ю. Кашкин Еуропалық Одақтың негізгі құқықтар туралы Хартиясына берген түсініктемесінде: «... Сондықтан Одақтың актілері жүйесіндегі Хартияның орны бірдей негізде анықталмайды. Дегенмен де бұл құжаттың «типке сәйкес еместігі» онда құқық қайнар көзі күшінің жоқтығын білдірмейді» [6, 49].

ЕО туралы Шарттың 6-бабына сәйкес, «Еуропалық Одақ Адам құқықтары бойынша Хартияда көрсетілген құқықтар мен бостандықтарды және қағидаларды құрметтейді», «...Одақтың негізін қалаушы шарттармен бірдей заңи күшке ие».

2000 жылы қабылданған Еуропалық Одақтың негізгі құқықтар туралы Хартиясын өзінің құрамдас бөлігі ретінде алған Еуропалық Одақтың Конституциямен салыстырғанда, Лиссабон шарты Хартия Одақ үшін міндетті күшке ие болады деп сілтеме жасайды [7]. Бұл өзгерту директивалар мен Еуропалық Одақ құжаттары ережелерінің Хартияда баяндалған қағидаларға сәйкестігін қадағалау үшін енгізілген.

Лиссабон шартының 6-бабының 1-тармағында «Одақ Шарттарға тән заңи міндеттілікке ие болатын 2007 жылы 12 желтоқсанда Страсбургте бекітілген, 2000 жылғы 7 желтоқсандағы Еуропалық Одақтың негізгі құқықтар туралы Хартиясында бекітілген құқықтар мен бостандықтарды және қағидаларды таниды», - деп жазылған [5].

Лиссабон шартының Хартияға сілтеме жасауы С.Ю. Кашкиннің Хартияны инкорпорациялауға ұсынған **бірінші әдісіне** мысал болады. Бұл әдіс техникалық та, саяси жағынан да өте тиімді. Бұл жағдайда Хартия жеке құжат ретінде қала береді, ал мүше-мемлекеттер мен Еуропалық Одақтың органдары оны құрылтай құжаттардың міндетті күшіндей мойындайды.

Алайда бұл әдістің өзіндік кем тұстары да бар. Біріншіден, Хартияның құқықтық табиғаты мен легитимділігі сұрақ астында қалады. Хартия не Еуропалық Одақ құқығының «толыққанды» қайнар көзі болмайды, не азаматтық қоғамның құрметіне ие болмайды.

Екіншіден, Хартияның одан әрі қарайғы дамуы мен жетілуі мәселесі туындайды. Хартия мәтінінің қазіргі редакциясында оған өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ешқандай норма жоқ. Бұл жағдайда Хартия өзгерістегі құндылықтармен және қоғам сұраныстарымен ешқандай байланыссыз қатқан ескерткіш болып қалу қаупі туындайды.

Бұрынғы Бельгия премьер-министрі, осы елдің Конветтегі үкіметінің өкілі Ж.Л. Деханеннің пікірі бойынша, «Хартия өзінің толық мөлшердегі маңыздылығына Одақ туралы Шартқа интеграцияланған сәттен бастап ие болады» [6, 53]. Расында да, Хартия ХХІ ғасырдың басында жарияланғанымен де, оның міндеттілік күші Лиссабон Шарты (құрылтай құжат) күшіне енгеннен кейін ғана пайда болып отыр.

С.Ю. Кашкин Хартияны инкорпорациялаудың екінші әдісін қолдайды. Ол - Хартияның мәтінін толық көлемде (мүмкін, кіріспесіз) Еуропалық Одақтың құрылтай құжаттарына жеке бөлім ретінде кіргізу. Профессордың айтуы бойынша, алдыңғы әдісте айтылған кедергілерді болдырмас үшін Хартияны Одақтың құрылтай құжаттарына қосу қажет.

Екінші әдіс Хартияны құрылтай құжаттарға жеке хаттама ретінде енгізуді де мысал ретінде алады. Алайда бұл жағдайда Хартияның мәні төмендейтін еді, себебі, әдетте хаттамалар арнайы немесе техникалық ережелерден тұрады. Ал Хартия көлемі мен мәні жағынан негізгі мәтінде алдыңғы орында болуы тиіс. Бұл әдіс бойынша Хартия 1992 жылғы Еуропалық Одақ туралы Шартқа немесе Еуропалық қоғамдастықтар туралы Шартқа инкорпорацияланады деп көп айтылды. Алайда Хартияға Реформалар туралы Шарт (Лиссабон Шартының басқа атауы) сілтеме жасады.

Үшінші әдіс – Хартияның Еуропалық Одақтың «негізгі заңы» - Конституцияда көрініс табуы. 1990 жылы Еуропалық Парламент Одақтың Конституциясын қабылдау бастамашылығын білдірді, ол 1994 жылы жобасын әзірледі. Алайда Еуропалық Конституция 2004 жылы референдумда сәтсіздікке ұшырап, күшіне енбеді.

Жоғарыда аталып өткендей, Одақтың өзінің

жеке негізгі құқықтар туралы Хартиясын дайындауға түрткі болған ең басты себеп – саяси биліктегі бұл ұйымның құрылтай құжаттарында негізгі құқықтардың толық «каталогының» болмауы. Саяси мәндегі декларациялар, басқа да құжаттар мен ЕО сотының прецеденті және Еуропа Кеңесі Конвенциясын рецепциялау да бұл кемшіліктің орнын толтыра алмады.

Осыған байланысты одақтық «құқықтар туралы билль» дайындау идеясы оның заңи міндетті күшке ие болуын білдіреді. Олай болмаған жағдайда, оның ережелері тек қағаз бетіндегі игі ниет қана болып қала беретін болса, я болмаса адам және азамат Хартияда көрсетілген субъективтік құқықтарымен пайдалана алмаса және оларды талап ете алмаса, неліктен Хартияның жобасын дайындауға ұзақ уақыт кетті?

Бұған қоса Хартия жай құқықтарды ғана емес, негізгі құқықтарды – тұлғаның құқықтық мәртебесінің базисін, іргетасын бекітеді. Ұлттық мемлекеттерде негізгі құқықтар конституцияда жарияланады да, міндетті әрі жоғары заңи күшке ие болады. Ұлттан үстем құқық жүйесі – Еуропалық Одақ құқығында да осыған ұқсас жолмен бекітілуі тиіс.

Одақтың негізгі құқықтар туралы Хартиясын дайындау мен қабылдау үрдісінің қорытындысы болып оның ережелерін Еуропалық Одақ құрылтай құжаттарының мәтініне инкорпорациялау немесе оған басқа жолмен еуропалық құқық қайнар көздері мен нормаларының жүйесінде заңи үстемділік беру табылады [6, 48].

Бүгінгі таңдағы Еуропалық Конституцияның құқықмирасқоры Лиссабон шарты деп білеміз.

Бұған қоса Ұлыбритания мен Польша («Еуро-скептикалық тандем» атауымен кеңінен танымал) жеке хаттамада ресми түрде Хартияның ұлттық құқықта қайталанбаған тұсында міндеттілік сипатын мойындаудан бас тартынын жария етті [8]. Одан басқа Хартия ережелері мен Ұлыбритания және Польшаның ұлттық құқығында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, ешкім де Еуропалық одақ Сотында да, ағылшын және поляк сотында да Хартия ережелеріне сілтеме жасай алмайды.

Еуроскептицизм термині – Еуропалық Одақта болып жатқан интеграциялық үрдістерге теріс, скептикалық көзқарасты білдіретін ұғым. Алғаш бұл түсінік Ұлыбританияда пайда болды. Еуроскептиктер интеграциялық үрдістерден басқа, Одақтың ортақ валюта енгізу, Еуро-конституция қабылдау, Одақтың федерализациялануы деген сияқты жеке саясаттарына да қарсы шығуда. Олар көбіне ұлттық ұстанымда

болады, яғни мемлекеттің егемендігін алға қояды.

Вацлав Клаус (чех. Václav Klaus - 1941 жылдың 19 маусымында Прагада дүниеге келген) — 2003 жылдан бері Чехияның екінші президенті және оның бұрынғы премьер-министрі, беделді Чехия саясаткері, ММУ-дың құрметті профессоры, ең танымал еуроскептиктердің бірі. В.Клаус Чехияның мәдени тұрмысының Еуропалық Одақ құрамына сіңісіп кетуінен сескенеді. Ол Чехияның икемді сыртқы саясатын қолдайды.

Танымал еуроскептик В. Клаус және оның поляк әріптесі – Лех Качиньский Лиссабон шартына ол бойынша Ирландия шешім қабылдағаннан кейін ғана қол қоямыз деп хабарлаған. Себебі өткен жылдың маусым айында референдумда ирландықтар Лиссабон шартына қарсы дауыс берген еді. Шындығында, сауалнамалар нәтижесі бойынша қазір Ирландия тұрғындары бұл құжатқа қатысты өз көзқарастарын өзгертті [9].

В. Клаус екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Судет облысына депортацияланған немістердің Еуропалық Одақ Сотына шағымданған мүліктік талап-арызы Шартқа қол қоюдың қосымша мәселесіне айналды. «Times» хабарлауы бойынша, Чехия премьер-министрі Ж.Фишер: «Үкімет біздің мемлекетіміздің басшысы ұсынған қосымша талаптар бойынша келісімге келуге ұмтылады. Біз Еуропалық Кеңеспен бір үстелдің басына жиналуға дайынбыз», - деп айтты [10].

2009 жылдың 29-30 қазанында болып өткен Еуропалық Одақ саммитінде мүше-мемлекеттер Чехияның талаптарымен келісіп, Лиссабон шартымен қатар жүретін негізгі құқықтар туралы Хартияны орындамауға мүмкіндік берді.

Чехиямен шартқа байланысты келісушілік орнағаннан кейін Еурокомиссия басшысы Жозе Мануэл Баррозу Лиссабон шарты туралы былай деп мәлімдеме жасады: «Бұл жаңа шарт марафон сияқты болып көрінеді, шындығын айтсам, кедергілері бар марафон сияқты. Менің ойымша, біз бүгін кешке ең соңғы кедергіні алдық. Демек, таяу арада егер, әрине, Чехияның Конституциялық соты қарсылық білдірмесе, Лиссабон шарты күшіне енеді» [11].

ЕО саммитінің бірінші күні жүргізген прессконференцияда Швеция премьер-министрі Фредрик Райнфельдт: «Біз ынтымақтастық үшін көшбасшы болған және қатаң дайындық білдірген ЕО лидерлерінің арқасында осы келісімге келуде жетістікке қол жеткіздік», - деп қуаныш сезімін білдірді [11].

Ұлыбритания Лиссабон шартын бекітуде негізгі құқықтар туралы Хартия қалай түсіндіріледі деді. Біріккен Корольдік Хартияға қол қою жаңа әлеуметтік және экономикалық құқықтар туындатады, Страсбург қаласында орналасқан адам құқықтарының Еуропалық Сотына кері әсерін тигізеді.

Ұлыбритания Үкіметі ағылшын заңына бағынбай, Люксембургтегі Еуропалық Одақ Сотына шағымданатын азаматтарының санын азайтқысы да келеді. Мысал үшін, Британия Өнеркәсібінің Конфедерациясы хартияға сол себептен қатаң қарсы болған [12].

Әлемде экономикалық дағдарыс орын алғанда Еуропалық Одақ ішінде институционалдық дағдарыс шешімін таппай жатқан еді. Бұл дағдарыстың түрі Еуропалық Конституция жобасының Франция және Нидерландыдағы референдумда сәтсіздікке ұшырауымен басталып, төрт жыл бойы созылып келе жатқан.

Лиссабон шартының күшіне енуі осы институционалдық дағдарыстың аяқталуын білдіреді. Еуропалық Одақ туралы Шарт пен Еуропалық Қоғамдастықты құру туралы Шартқа өзгертулер енгізу туралы Лиссабон Шарты немесе жай ғана Лиссабон Шарты өз алдына Еуропалық Конституцияның мирасқоры болып табылады. Себебі ол одан қоғамдастықтың басқару құрылымдарын реформалау туралы ережелерін тұтастай көшіреді.

2009 жылдың 1 желтоқсанында сейсенбі күні Еуропалық Одақты реформалау туралы Лиссабон шарты өз күшіне енді. «Лиссабон шарты азаматтарды еуропалық жобаның өзегі ретінде қарайды», - деп Еурокомиссия басшысы Жозе Мануэл Баррозу мәлімдеме жасады. «Мен енді біздің қызмет етуге қажетті институттарымыз бен барлық күш-қуатымызды азаматтарымыздың маңызды мақсаттарына шоғырландыру үшін қажет тұрақтылық кезеңі бар екендігіне қуанамын», - деп атап айтты.

Осы міндеттердің ішінен Ж.Баррозу экономикалық дағдарыстан жоспарлап шығу және еуропалық әлеуметтік саясаттың нығаюы, жаһандық жылумен күресу, сондай-ақ халықаралық аренада ЕО рөлін күшейту үшін еуропалық сыртқы саясатты белсенді етуді және қоғамдастықтың барлық мемлекеттерінің «бір ауыздан сөйлеу» қабілетін арттыруды атап өтті.

Шарт Еуропалық Одақтың интеграциясына одан әрі қарай жағдай жасайды, ЕО ішінде шешім қабылдау тетіктерін жеңілдетеді, қоғамдастықтың тарихында алғаш рет толыққанды біртұтас еуропалық дипломатиялық қызметті енгізеді, Еуропалық Парламенттің өкілеттіктерін

кеңейтеді. Сондай-ақ Лиссабон шартында ЕО президенті лауазымы енгізілді. Бұл құрметті қызметке бұрынғы Бельгия премьер-министрі Херман Ван Ромпей екі жарым жылға сайланды. Ол халықаралық аренаға ЕО атынан шығады, еуропалық саммиттерге төрағалық етеді, Еуропа күн тәртібіндегі маңызды мәселелер бойынша бітістіру дайындайды.

Лиссабон шартының негізінде Еуроодақ нормативтік құжаттарының құқықтық толықтыруы Еуропалық Сот (European Court of Justice) енгізуге ұсынған «Еуропалық Одақтың негізгі құқықтар туралы Хартиясы» ("Charter of Fundamental Rights of the European Union") болып табылады. Бұдан бұрын Маастрихт келісімі адам құқықтары жөніндегі Хартияның заңи күшін мойындап қойған, алайда Хартия нормативтік негізде Еуроодақтың заңи құрылымында бекітілмеген еді. Лиссабон шарты Хартияны заңи түрде бекітпек болғанда бірден нормативтік қақтығыстарға ұрынды. Осылайша, Хартияны заңи түрде тану ортақ құқық қағидасы негізінде құрылған Ұлыбритания мен Польшаның заң жүйесіне қайшы келетін болды. Бұл жағдай Ұлыбритания мен Польшаның Лиссабон шартын осы мәселеге қатысты кейбір өзгертулермен ратификациялауға келісім беруіне ықпал етті. Польша премьер-министрі Дональд Туск болашақта поляк заңнамасын Хартияға сәйкес өзгертуді болжаған болса, Ұлыбритания, керісінше, ондай өзгертулерді қабылдамайды. Ұлыбритания ұсынған талаптар негізінде адам құқықтары жөніндегі Хартия Еуроодақтың нормативтік құжаты болып табылмады [13].

Португалия премьер-министрі Ж. Сократеш Лиссабон шарты күшіне енгеннен кейін Еуроньюске берген сұхбатында: «Кез келген шарт күшіне енгенде, ең алдымен, белгілі бір жаңаруды білдіреді. Лиссабон шартын қабылдағаннан кейін Еуропа да еуропалық қоғамның сұранысы мен еуропалық экономиканың қажеттіліктеріне ғана емес, сондай-ақ әлемдік талаптарға да жауап беретін қабілеті күшейіп келе жатыр. Әлемге мықты Еуропа қажет. Еуропалықтар ғана емес, бүкіл дүние жүзі еуропалық құндылықтар, перспективалар мен мәдениетінің маңызды болуын қалайды және Лиссабон шарты Еуропалық әлемдегі ұстанымын күшейтуге ықпал етеді».

Лиссабон Шартының маңызды элементі еуропалық азаматтардың фундаменталдық құқықтары Хартиясына ЕО-ның әрекет етуші негізгі келісімдерімен бірдей заңи күш беруі болып табылады. Оған Ұлыбритания, Ирландия және Чехия ескертпе жасай отырып, бекітті.

Ұлыбритания мемлекет ішінде әрекет ететін англосаксондық құқық жүйесінің континенталдық құқық жүйесінен ерекшеленуі негізінде өзіне көптеген жеңілдіктер жасап алды. Осылайша, ол негізгі құқықтар туралы еуропалық Хартияға қосылмау туралы құқыққа ие болды, өзіндік сыртқы саясатын жүргізуге және салық және еңбек саясаты саласында өз нормаларына сүйенуге мүмкіндік алды. Британиямен қатар, оған жанасқан Ирландия да иммиграция, визалық саясат және баспана беру мәселелерінде өз заңдарының үстемдігін сақтап қалды [14].

«Российская газетаның» ұсынысы бойынша Париж әлеуметтік ғылымдар жоғары мектебінің профессоры Жак Сапир Лиссабон Шартының он және теріс тұстарын атап көрсетті [15]:

Оң тұстары:

- Лиссабон шарты Нидерланды, Франция, одан кейін Ирландияда өткен референдумдарда еуроконституция жобасының жеңіліс табуымен пайда болған дағдарысты жеңді.

- Еуропалық Одақты басқару институттарының реформасы аяқталды.

- Еуропалық Одақ Кеңесінің төрағасы немесе БАҚ жиі айтып жүргендей, «ЕО президенті» лауазымы енгізілді. Ол 27 елдің құрлықтық ұйымының «бет айнасы» болып танылуы тиіс.

- Сыртқы саясат пен қауіпсіздік үшін ендігіде ЕО-ның «сыртқы істер министрі» жауап береді. Болашақта бұл өзгеріс ЕО үшін халықаралық аренаға шығуға нық қадам жасауға тиімді ықпал етеді.

- Жалпы еуропалық құрылымдардың, нақтырақ айтқанда, Еуропарламенттің өкілеттіктері қатары кеңейтілген. Еуропарламент ЕО Кеңесімен бірлесіп отырып, бұрынғыдан екі есе артық шешімдер қабылдайтын болады.

Теріс тұстары:

- Шарт ЕО-ның жоғары лауазымын тағайындауға қажет демократиялық рәсімдерді қарастырмаған. Былайша айтқанда, Херман Ван Ромпейді харизматикалық саясаткер деп атау қиын.

- Лиссабон шарты кеш қабылданған. Ол әлемдік дағдарыстан шығудың жолын іздеу жағдайында, бір жағынан, Ұлыбритания мен екінші жағынан, Франция және Германия арасындағы елеулі келіспеушіліктер туындаған тұста күшіне енді.

- Шарт әлі де біртұтас еуровалюта аймағына кірмеген ЕО мүше-мемлекеттеріндегі евро айналымын қарастырмаған. Бұл жағдай Германия сияқты елдерде мәселе туғызуы мүмкін. Берлин 2010 жылдың басында қаржы мәселесіне

тап болған Чехия мен Венгрияға қатысты өзіне көптеген қаржылық міндеттемелер алды [15].

2000 жылы қабылданған Еуропалық Одақтың негізгі құқықтар туралы Хартиясы 2009 жылы Лиссабон Шарты күшіне енгеннен кейін барып, міндетті күшіне ие болды. Бұл саяси-құқықтық жағдай Хартияның Еуропа кеңістігіндегі, тіпті жалпы дүние жүзіндегі адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау жүйесіндегі маңызын арттырды.

1. Право Европейского Союза: учеб. пособие // С.Ю. Кашкин [и др.]; отв.ред. С.Ю. Кашкин. – М.: ТК Велби, Изд-во Проспект, 2008. – 304 с.

2. 1957 жылы 25 наурызда қабылданған Еуропалық Қоғамдастық құрушы Шарт// <http://eur-lex.europa.eu/en/treaties/index.htm#founding> // 28 наурыз 2010 ж.

3. 1957 жылы 25 наурызда қабылданған Атом энергиясы бойынша Еуропалық Қоғамдастық құру туралы Шарт// <http://eur-lex.europa.eu/en/treaties/index.htm#founding> // 28 наурыз 2010 ж.

4. 1992 жылы 7 ақпанда қабылданған Еуропалық Одақ туралы Шарт, 1997 жылы 2 қазанда қабылданған Амстердам шартымен және 2001 жылы 26 ақпанда қабылданған Ницца шартымен енгізілген өзгертулерімен қоса. // <http://eur-lex.europa.eu/en/treaties/dat/11992M/htm/11992M.html#0001000001> 28 наурыз 2010 ж.

5. Treaty of Lisbon amending the Treaty on European Union and the Treaty establishing the European Community, signed at Lisbon, 13 December 2007 // Official Journal of the European Union. С 306.

6. Хартия Европейского Союза об основных правах: Комментарий / под ред. д.ю.н., проф. С.Ю. Кашкина. – М.: Юриспруденция, 2001. – 208 с.

7. Кембаев Ж.М. Лиссабонский договор: новый этап в развитии европейской интеграции // Московский журнал международного права, №4 (72), 2008, 183 бет.

8. Jirasek, Jan. Application of the Charter of fundamental rights of the EU in the United Kingdom and Poland according to the Lisbon Treaty // http://www.law.muni.cz/edicni/sborniky/cofola2008/files/pdf/evropa/jirasek_jan.pdf

9. Юрин В. Будущее Лиссабонского договора зависит от ФРГ, Чехии, Польши и Ирландии // <http://www.dw-world.de/dw/article/0,4444807,00.html>. // 30 июня 2009 г.

10. Charter, David. I will not sign Lisbon Treaty, says Czech President // From The Times. October 13, 2009 // <http://www.timesonline.co.uk/tol/news/world/europe/article6871365.ece>

11. Давыдов Н. Лиссабонскому договору дан зеленый свет // <http://www.vesti.ru/doc.html?id=323319&tid=58733> 30 октября 2009г.

12. Black, Ian. New sticking points for Blair in draft text // [The Guardian](http://www.guardian.co.uk), Wednesday 28 May 2003 03.31 BST h. 14 01 декабря 2009 г.

13. Регель Г. Лиссабонский договор: новый вариант евроконституции? Часть II//http://n-europe.eu/article/2008/07/28/lissabonskii_dogovor_novyj_variant_evrokonstitutsii_chast_ii

14. Портякова Н. Бумагу все стерпели // Лидеры ЕС подписали общеевропейский базовый документ // [Газета «Коммерсантъ»](http://www.gazeta.ru), № 231(3807) от 14.12.2007

15. Голуб П. Евросоюз перешел на новые правила межгосударственной игры // ["Российская газета" – Федеральный выпуск №5053 \(229\) от 2 декабря 2009 г.](http://www.gazeta.ru)

Данная статья исследует проблемы в рамках европейской системы защиты прав человека в связи с принятием в декабре 2009 г. Лиссабонского договора, который закрепил юридическую обязательную силу Хартии Европейского Союза об основных правах для всех государств-членов Союза.

This article investigates problems of the European system of protection of human rights in connection with the adoption in December, 2009 of Lisbon Treaty, which had fixed a legal binding force of the Charter about fundamental rights of the European Union for all member states of the Union.

* * *

А. Ембергенова

ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ САЯСАТЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

Қазіргі таңда энергетика Еуропалық аймақтың тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін маңызды болып табылатын өндірістік инфрақұрылымды құрайды. Отын-энергетикалық кешен әрқашан да Батыс Еуропа елдері экономикасының ең осал жағы болды, сондықтан осы саладағы жекеше интеграция, ЕОУС және Еуратом шеңберінде Қауымдастықтың пайда болуымен жүзеге асырылған. 1970 ж. басында болған энергетикалық дағдарыс энергия көздерінің тапшылығына себеп болған осы салада қауымдастық мүше-мемлекеттерінің бірлескен үйлестірілген күштерінің қажеттілігін тағы да растады. Алайда нақты іс жүзіндегі мүше-мемлекеттердің энергетика саласындағы интеграция бойынша іс-шаралары тек ішкі тауар айналысын құрумен шектелді.

Алғашқы Еуропалық Одақтың ішкі энергетикалық нарығын құру, 1988 ж. мамыр айында болған, онда Комиссия өз Ішкі энергетикалық тауар айналысы деп аталған Жұмыс құжатында ортақ тауар айналысын кеңейтудің маңызды мақсаты ретінде ішкі энергетикалық тауар айналысын құруды атап көрсеткен және мүше-мемлекеттер экономикасы энергетикалық секторының кезеңдік ырықтандыру жоспарын ұсынған болатын. Аталған жоспар Қауымдастық деңгейінде энергия тасушылардың бағасын үйлестіруді қарастырады және мүше-мемлекеттердің аумағы арқылы электр мен газ транзитін реттейтін ортақ ережелерді енгізуді қажет етеді, жалпы алғанда аталған жоспар 1990 ж. басында жүзеге асырылды.

Ал ішкі энергетикалық нарықты құру бойынша іс-шаралардан тыс, Қауымдастық 1990 ж. мынадай шаралар жүргізген: энергетикалық секторға инвестицияларды ынталандыруға бағытталған іс-шаралар, энергия көзінің жеткізілімдерінің сенімділігін қамтамасыз ету,

энергия тиімділігі мен энергияны үнемдеу режимдерін қолдау, балама энергия көздерін тұтынуды дамыту мен кеңейту, энергия мен энергия тұтыну өндірісі кезінде қоршаған ортаны қорғау.

Энергетика саласында Еуропалық Қауымдастық қызметінің негізін 1957 ж. Еуропалық Одақ Шартының 3-б. 1-б. «и» т. Қауымдастықтың қызмет етуінің басқа да бағыттарының ішінде «энергетика саласындағы іс-шаралар» деп аталатын тармақ құрады. Алайда ЕО-ның энергетикалық саясаты Қауымдастықтың басқа да саясаттары ішінде құрылтай құжатының 3 бөлігінде көрініс таппаған болатын. Осы салада ЕО-ның құзыреттілігі Еуропалық Одақ туралы Шарттың 95-б. арқылы жүзеге асырылады, ішкі нарықтың қызмет етуін қамтамасыз ету мақсатында мүше-мемлекеттердің заңнамасын үйлестіру бойынша іс-шаралардың орындалуын қарастырады.

Соңғы уақытта ЕО-ның энергетикалық саясатына едәуір маңызға ие 1957 ж. Шарттағы 15-тараудың 154-156 б. «Трансеуропалық жүйелер» ережелеріне сәйкес, Қауымдастық трансевропалық энергетикалық инфрақұрылымдарын дамыту бойынша жобаларды қолдайды. Энергетика саласында Қауымдастықтың іс-шаралары, тауарлар мен қызмет көрсетудің «еркін» қозғалуы, ЕО-ның экологиялық саясаты және энергетика табиғи монополия саласы болғандықтан, ЕО-ның бәсекелік саясатымен тікелей шектеседі. Сонымен қатар ЕО-ның өзіндік энергетикалық саясатының дамуына елеулі орынға ие халықаралық құжаттарға келетін болсақ, олар 1991 ж. Еуропалық энергетикалық хартия және 1994 ж. Энергетикалық хартияға Лиссабон шарты жатады. Ал атомдық энергетика саласындағы интеграцияның құқықтық негізі 1957 ж. Еуратомды құратын Шарттың ережелері негізінде жүзеге асырылады.